<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Ойын: «<i>Табиғаттағы тіршілік</i>» Шарты: өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: Алдында-артында. <i>(математика негіздері)</i></p>	<p>Ойын: «<i>Көліктің жолдары</i>» Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызылған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. <i>(құрастыру)</i></p>	<p>Ойын: «<i>Ертегі кейіпкерлері</i>» Шарты: Балалар суреттегі ертегі кейіпкерлері аю, қоян, түлкі, сияқты Қазақстанды мекендейтін жабайы аңдар жайлы түсініктерін кеңейтуде фотосуреттерді қарауға, және балаларға ертегі кейіпкері ит, әтештің жабайы аңдар қатарына жатпайтыны туралы түсінік беру. Қоянның суретін бөліп көрсету олардың бейнесін түрлі түсі қарындаштар көмегімен бояуға қызығушылығын арттыру. <i>(Сурет, ҚОТ)</i></p>	<p>Ойын: «<i>Дәмді нан</i>» Шарты: Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды үйрету. <i>(сурет салу)</i></p>	<p>Ойын: «<i>Жасыл шырша неге қысы жазы бір түсті?</i>» Шарты: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы ағашты мүсіндеу <i>(Мүсіндеу)</i></p>

Балалармен жеке жұмыс	Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырады, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруды үйрету. (Інжу Д. Амир, Раяна, Фариза, Ерсұлтан, Самир)	Ересектердің сөзін тыңдауға және түсінуге баулу. (Інжу, С. Амир, Раяна, Фариза, Самир)	Таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдауға үйрету. (Азиза, С. Амир, Арайлым, Эрика)	Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуды үйрету. (Анастасия, Дияс, Аделина, Дарын)	Шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді: Д. Амир, Ерсұлтан, Ертөре, Інжу, Фариза)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге баулу. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), (қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау)				
Серуен	Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Ситуациялық әңгімелер, аз қимылды ойындар. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). (<i>«Біртұтас тәрбие» жоспарынан</i>) Ұлттық ойын: «Асық ату» («Біртұтас тәрбие» жоспарынан) Ұлттық ойын: «Ханталапай» («Біртұтас тәрбие» жоспарынан) Ұлттық ойын: «Сақина салу» («Біртұтас тәрбие» жоспарынан) Ұлттық ойын: «Аударыспақ» («Біртұтас тәрбие» жоспарынан) Ұлттық ойын: «Қыз қуу» («Біртұтас тәрбие» жоспарынан)				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес. «Баланың қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңесу. Балалардың жетістіктері жайында ата-аналармен әңгімелесу, апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу, кеңес беру. Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым – қатынасы туралы әңгімелесу, кеңес беру. Сау болыңыз!				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 4-апта (25.11.2024- 29.11.2024ж)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 25.11.24	Сейсенбі 26.11.24	Сәрсенбі 27.11.24	Бейсенбі 28.11.24	Жұма 29.11.24
Балаларды қабылдау	<p>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Таңертеңгі сүзгі. Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін, үстел үсті ойындары: Қыстырғыштармен пішіндерді түстеріне қарай қыстыру. «Кітаптар әлемім» кітаптарды қарау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік)</p> <p>-Сәлеметсізбе! Қайырлы таң! Сыпайы сөздерді қолдануды дағдыландыру. <i>(Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры, қарым-қатынас іс - әрекеті)</i></p> <p>Топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау (қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау)</p> <p>«Өнегелі 15 минут» әңгімелесу. Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. («Біртұтас тәрбие жоспары»)</p>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<p>Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Ата-аналар сіздер үшін! ақпараттық тақтайшада тұратын ақыл кеңестермен таныстыру. Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.</p> <p>Балабақшаның күн тәртібі медбикенің кеңесімен таныстыру.</p> <p><i>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</i></p> <p>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Ойын: <i>«Зообақ»</i></p> <p>Шарты: Кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше жабайы жануарларға Зообақ құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің</p>	<p>Ойын: <i>«Су туралы білгім келеді?..»</i></p> <p>Шарты: Өсімдіктер әлемі: Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру және зат есімдерді үстінде, астында, артында,</p>	<p>Ойын: <i>Менің отбасым»</i></p> <p>Шарты: Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беруге балаларды отбасы</p>	<p>Ойын: <i>«Сиқырлы қалташа.»</i></p> <p>Шарты: Балаларға сиқырлы қалташадағы заттарды ретімен алып, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру,</p>	<p>Ойын: <i>«Жеміс пен көкөністер» дүкені.</i></p> <p>Шарты: Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді,</p>

	<p>тұрғызған құрылысын талдауға баулу. (құрастыру)</p> <p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы: «Арқан тарту»» (Біртұтас тәрбие жоспары)</p>	<p>жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану (ҚОТ, сөйлеуді дамыту).</p>	<p>бейнеленген фотосуреттерді қарауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге үйрету. (сөйлеуді дамыту, ҚОТ)</p> <p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы: «Сақина жасыру»» (Біртұтас тәрбие жоспары)</p>	<p>есту арқылы тануды, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. (ҚОТ, сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы: «Теңге алу» (Біртұтас тәрбие жоспары)</p>	<p>тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. (құрастыру)</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені: 3-4 апта картотекасы.</p> <p>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.</p> <p>Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру.</p> <p>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.</p> <p>«Достар» - жұптасып жүру.</p> <p>Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.</p> <p>Б.қ.: «Көбелек қонды» аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта.</p> <p>Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. /6 рет қайталау/</p> <p>Б. қ.: «Жыланның қозғалысы» аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. Иықты ирелендете айналдыру. /6 рет қайталау/</p> <p>Б.қ.: «Қайшы» аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау. /6 рет қайталау./</p> <p>Б. қ.: «Жұлдызша»</p> <p>Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «ха-а-а» деп айту, орнында</p>				

	<p>секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. /6 рет қайталау/ Қорытынды: Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.</p>
<p>Таңғы ас</p>	<p>Суды үнемді тұтыну» (біртұтас тәрбие жоспарынан) Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. «Тамақты үнемді тұтыну» үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру (<i>Біртұтас тәрбие жоспарынан</i>) ас қасық пен майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. (<i>сыпайы сөздер, қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры, қарым-қатынас іс - әрекеті</i>) (<i>Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры: сабын, су, кір, таза</i>)</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Ойын: «Мынау қандай аң?» ойыны Шарты: Шама: Зообақтағы аңдар мен жануарларды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. Мысалы: керік биік, аю аласа т/б. <i>(МН)</i></p> <p>Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы <i>(Біртұтас тәрбие жоспары)</i></p>	<p>Ойын: «<i>Су көлігі қалай жүзеді</i>» Шарты: Балалар үстел үстіндегі заттардың ішінен суда жүзетін заттарды тауып өзенге апарып қояды. Суды үнемдеу, суды ластамау жайында әр түрлі фотасуреттерді қарау кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. <i>(Көркем әдебиет,)</i></p>	<p>Ойын: «Қайсы көп?» Шарты: Сан: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру. <i>(МН)</i></p>	<p>Ойын: «<i>Үлкен-кіші</i>» Шарты: Шама: Ойыншықта рды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. <i>(математика негіздері)</i></p>	<p>Ойын: «<i>Қай жеміс үлкен, қай жеміс кіші?</i>» Шарты: Тақтаның ортасына баланың суреті, ал жан – жағына басқа отбасы суреттері ілінеді. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-солын үйрету. <i>(МН)</i></p>
<p>Апта дәйек сөздері: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды» <i>(Біртұтас тәрбие жоспары)</i></p>					
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене тәрбиесі Ойын: «<i>Менімен бірге қайтала</i>» Шарты: <i>Негізгі қимылдар:</i> <i>Жүру.</i> қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып,</p>	<p>Ойын: «<i>Салыстыр</i>» Шарты: Шама: Өзендерді салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы</p>	<p>Дене тәрбиесі <i>«Менің көңілді добым»</i> Шарты: Негізгі қимылдар: <i>Жүгіру.</i> белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі</p>	<p>Дене тәрбиесі Ойын: «<i>Кім епті?</i>» Шарты: <i>Жалпы дамытушы жаттығулар:</i> 1,5–2 метр қашықтықтан допты</p>	<p>Музыка Жетекші жоспарымен Қазақ тілі Жетекші жоспарымен Ойын: «<i>Менің көкөнісім</i>» өлеңі. Шарты: Оқылған</p>

	<p>бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.</p> <p><i>Жалпы дамытушы жаттығулар:</i></p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеріп жүру.</p> <p>Қимылды ойын: «Арқан тарту» Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Дербес қимыл белсенділігі қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту</p> <p>Ұлттық ойын: «Бес тас» (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>)</p> <p>Ойын: <i>Т.Бердияров «Сұр қоян» өлеңі.</i></p> <p>Шарты: Балалармен кейіпкерлердің</p>	<p>шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру (МН)</p> <p>Ойын: «<i>Бұл не зат демейік, зерттеп оны білейік!</i>»</p> <p>«<i>Толқынды көл</i>»</p> <p>Шарты: берілген тапсырма бойынша әдемі толқындардың бейнесін қиып алу, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.</p> <p>(<i>Жапсыру</i>)</p> <p>Ойын: «<i>Балықтар</i>»</p> <p>Шарты: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы балықты</p>	<p>бойынша көрсетілген жерге жүгіру; <i>Домалату, лақтыру, қағым алу.</i> оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру.</p> <p><i>Жалпы дамытушы жаттығулар:</i></p> <p>.Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қолдарын алдына немесе басынан жоғары көтеріп шапалақтау.</p> <p>Қимылды ойын: «Көңілді доп» Дербес қимыл белсенділігі қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.</p> <p>Ұлттық ойын: «Асық ату» (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>)</p> <p>Ойын: «<i>Мынау қандай дәм ?</i>»</p> <p>Шарты: заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап</p>	<p>бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату.</p> <p><i>Еңбектеу, өрмелеу.</i></p> <p>еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 см), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу.</p> <p><i>Негізгі қимылдар:</i> <i>Жүгіру.</i> белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;</p> <p>Қимылды ойын: «Теңіз толқиды».</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.</p> <p>Ұлттық ойын: «Ханталапай» (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>)</p>	<p>шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p> <p>(<i>көркем әдебиет</i>)</p> <p>1-топ: Ойын: «<i>Жеміс себеті</i>»</p> <p>Шарты: отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша себеттің бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p>(<i>Жапсыру</i>)</p> <p>2-топ: Ойын: «<i>Менің сүйікті жемісім</i>»</p> <p>Шарты: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру және ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.</p> <p><i>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</i></p> <p>Ойын: «Қорбаңбай аю»</p> <p>Шарты: Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін</p>	<p>мүсіндеу . Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p> <p><i>(Мүсіндеу,)</i></p> <p>Ойын: «Аквариум»</p> <p>Шарты: құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызыған құрылысын талдауға баулу.</p> <p><i>(құрастыру)</i></p>	<p>сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру және ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беруге үйрету.</p> <p><i>(қоршаған орта, сөйлеуді дамыту)</i></p> <p>1-топ: Ойын: «Дәмді дәрумендер»</p> <p>Шарты: ермексаз кесегін алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы қызанақты мүсіндеу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p> <p><i>(мүсіндеу)</i></p> <p>2-топ: Ойын: «Тәтті алма»</p> <p>Шарты: Алманың суретін қылқаламмен</p>	<p>Ойын: <i>Г.Махамбетованың «Доп» өлеңі.</i></p> <p>Шарты: Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p> <p><i>(көркем әдебиет)</i></p> <p>1-топ: Ойын: «Менің сүйікті ойыншығым»</p> <p>Шарты: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті</p>	<p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.</p> <p><i>(мүсіндеу)</i></p> <p>3-топ: Ойын: «Әжемнің отырғызған көкөніс»</p> <p>Шарты: Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.</p> <p><i>(сурет салу)</i></p> <p>Күй күмбірі: «Балбырауын» <i>(Біртұтас тәрбие жоспары)</i></p>
--	--	--	--	---	--

	<p>қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды үйрету. (сурет салу)</p> <p>Ойын: «Сүйкімді қояным» Шарты: мүсіндеуде ермексаз кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы қоянды мүсіндеу. Шарты: Алдынала дайындалған қағаз қиықтарынан сүйкімді қоянды жапсыру, дайын үлгіге яғни қағаз бөлігіне желім жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану дағдыларын қалыптастыру. (Жапсыру, Мүсіндеу)</p> <p>Күй күмбірі «Көңіл ашар» (Біртұтас тәрбие жоспары)</p>		<p>бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды үйрету. (сурет салу)</p> <p>2- Топ: Ойын: «Шырынды алмұрт» Шарты: желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану (Жапсыру)</p> <p>Күй күмбірі «Сарыарқа» (Біртұтас тәрбие жоспары)</p>	<p>сақтауға, ұқыпты болуға баулу. (мүсіндеу) 2-топ: Ойын: «Әдемі добым » Шарты: Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. (сурет салу)</p> <p>3-топ: Ойын: «Доп» Шарты: отырып, ойдан немесе берілген тапсырма</p>	<p>Жоба «Терезе алдындағы бау-бақша» Тақырыбы: «Көкеністерден қысқа салат дайындау»</p>
--	---	--	--	---	---

				<p>бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. (жапсыру) Күй күмбірі «Кішкентай» (Біртұтас тәрбие жоспары)</p>	
Серуенге дайындық	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге баулу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), (қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау) <i>Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қорын пайдалану: (ауа, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы, жылы киінеміз, жеңіл киінеміз, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, итерме, таласпа, баспалдақтан байқап түс, дала суық, бірге ойнайық, ойна, тығыл, қаш, қу, ұста, жина, сапқа тұр)</i></p>				
Серуен	<p>Қараша айына арналған серуен картотекалар кешені. <i>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</i></p>				

	<p>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.</p>
Серуеннен оралу	<p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа өзбетінше реттеуге баулу. <i>Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қорын пайдалану: (итерме, таласпа, көмектес)</i> Баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), (қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау)</p>
Түскі ас	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді және қол орамалды пайдалануды үйрету. «Тамақты үнемді тұтыну» үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру (<i>Біртұтас тәрбие жоспарынан</i>) ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. <i>(Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қорын пайдалану: ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей- шашпай ішіңдер, нан шәй, , су, сусын, сорпа , дәмді, ащы, тұз,, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын!)</i></p>

<p>Күндізгі ұйқы</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа өзбетінше реттеуге баулу.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене белсенділігі мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. «Күй күмбірі: «Кішкентай» (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>) «Күй күмбірі: «Адай күйі» (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>) «Күй күмбірі: «Сарыарқа» (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>) «Күй күмбірі: «Көңіл ашар» (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>) «Күй күмбірі: «Көңіл толқыны» (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жағымды жағдай жасау.</p>				
<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p>	<p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Жыл бойы медицина қызметкерінің басшылығымен балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Дене белсенділігі шынықтыру мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Ата-аналардың қалауларын ескеріп, мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі мен медицина қызметкерлерінің шешімі бойынша арнайы шынықтыру шараларын жүргізу. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.</p>				
<p>Бесін ас</p>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; қолды, бетті жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. «Тамақты үнемді тұтыну» үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>) ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.</p>				
<p>Балалардың дербес</p>	<p>Ойын: «<i>Жасырынған</i>»</p>	<p>Ойын: «<i>Мөлдір су</i>»</p>	<p>Ойын: «<i>Көкөністер</i>»</p>	<p>Ойын:</p>	<p>Ойын: «<i>Жемістер</i>»</p>

<p>әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><i>аңды тап?»</i> Шарты: Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, сонымен қатар зообақтағы жабайы аңдар туралы әңгімелесу. <i>(қоршаған орта)</i></p>	<p>Шарты: Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды үйрету. <i>(сурет салу)</i></p>	<p><i>айтысы»</i> ертегісі Шарты : Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. <i>(көркем әдебиет)</i></p>	<p><i>«Ойыншықтар сөресі»</i> Шарты: кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату <i>(құрастыру)</i></p>	<p><i>мен көкөністерді дұрыс айтып үйренейік»</i> Шарты: дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады: оларды жақсы көреді, сипайды: (Раяна, Фариза, Самир, Фатима)</p>	<p>Кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге үйрету. (Инжу, Раяна, Фариза, Самир)</p>	<p>Оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтуға үйрету. (Амина, Ясина, Д. Амир)</p>	<p>Қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуға баулу. (Амина, Ясина, Д. Амир, Ерсұлтан)</p>	<p>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алуға үйрету. (Дияс Аделина, Дарын, Азиза)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге баулу.</p>				

	<p>Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), (қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау)</p>
Серуен	<p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Ситуациялық әңгімелер, аз қимылды ойындар. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). (<i>«Біртұтас тәрбие» жоспарынан</i>)</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Ұлттық ойын: «Асық ату» (<i>«Біртұтас тәрбие» жоспарынан</i>) Ұлттық ойын: «Көтермек» (<i>«Біртұтас тәрбие» жоспарынан</i>) Ұлттық ойын: «Сақина салу» (<i>«Біртұтас тәрбие» жоспарынан</i>) Ұлттық ойын: «Аударыспақ» (<i>«Біртұтас тәрбие» жоспарынан</i>) Ұлттық ойын: «Қыз қуу» (<i>«Біртұтас тәрбие» жоспарынан</i>)</p>
Балалардың үйге қайтуы	<p>Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру. Балабақшаға жаңадан келген ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат беру. Ата-аналарға баланың киімдері ауа райына байланысты киіндіру жөнінде кеңес беру. Ата-аналарға балаларды бастауыш сынып оқушыларына сеніп, табыс етпеуіміз жайында түсінік беру. Ата-анаға балабақшадағы күн тәртібін ұстануды ескерту. Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. Сыпайы сөздерді қолдану: Сау болыңыз!</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) (02.12.2024 -06 .12.2024) - I апта

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 02.12.2024ж	Сейсенбі 03.12.2024ж	Сәрсенбі 04.12.2024ж	Бейсенбі 05.12.2024ж	Жұма 06.12.2024ж
Балаларды қабылдау	<p>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Таңертеңгі сүзгі. Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін, үстел үсті ойындары: Қыстырғыштармен пішіндерді түстеріне қарай қыстыру. «Кітаптар әлемім» кітаптарды қарау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <i>(Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік)</i></p> <p>-Сәлеметсізбе! Қайырлы таң! Сыпайы сөздерді қолдануды дағдыландыру. <i>(Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры, қарым-қатынас іс - әрекеті)</i></p> <p>Топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау (қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау))</p> <p>«Өнегелі 15 минут» әңгімелесу. Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. («Біртұтас тәрбие жоспары»)</p>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<p>Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. Ата-аналар сіздер үшін! ақпараттық тақтайшада тұратын ақыл кеңестермен таныстыру. Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.</p> <p>Балабақшаның күн тәртібі медбикенің кеңесімен таныстыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Ойын: Фотосуреттер <i>«Менің отбасым!»</i></p> <p>Шарты: балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға баулу, «қанша?» «неше?» сұрағына жауап беру.</p> <p><i>(қоршаған ортамен</i></p>	<p>Ойын: <i>«Қызыл қорапшада не бар?»</i></p> <p>Шарты: Түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу..</p> <p><i>(ҚОТ)</i></p>	<p>Ойын: <i>«Маған таныс ертегі»</i></p> <p>Шарты: Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, <i>(көркем әдебиет)</i></p>	<p>Ойын: <i>«Аққала»</i></p> <p>Шарты: Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. <i>(мүсіндеу)</i></p>	<p>Ойын: <i>«SMART BALA»</i></p> <p><i>«Әкем салған үй»</i></p> <p>Шарты: құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру</p>

	<i>таныстыру, математика негіздері)</i>				тәсілдерін қолдану, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. <i>(құрастыру)</i>
Таңертеңгі жаттығу	<p>Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені: 1-2 апта картотекасы.</p> <p>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.</p> <p>Шеңбер бойымен еркін жүру. Құстарға ұқсап жүру .</p> <p>Шеңбер бойымен адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру / шеңберге тұрарда себеттен екіден лента алу/</p> <p>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.</p> <p>Б. қ: «Оң-сол» аяқтары алшақ қойылған , ленталар төменде, басты оңнан-солға қарай бұрып «сол жақ» деп айту, солдан-оңға қарай бұрып «оң жақ» деп айту. /6 рет қайталау/</p> <p>Б. қ.: «Шеңбер жасау» аяқтары алшақ қойылған , ленталар жанда, лентаны жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға иықты айналдыра отырып шеңбер жасау. / 6 рет қайталау/</p> <p>Б.қ: «Айқастыру» аяқты алшақ қоямыз. Ленталарды жанға созу, оң қолдағы лентаны сол иыққа апару, сол қолдағы лентаны оң иыққа апару. «Айқасты» деп айту. /6 рет қайталау/</p> <p>Б.қ: «Жасыру» Аяқты алшақ қоямыз. Ленталар белде. Алдыға қарай еңкейіп ленталарды созу «бар» деп айту, артқа шалқайып, ленталарды жасыру «жоқ» деп айту. /6 рет қайталау/</p> <p>Шеңбер бойымен жүру.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.</p> <p>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру.</p> <p>Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.</p>				
Таңғы ас	<p>Суды үнемді тұтыну» (біртұтас тәрбие жоспарынан) Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</p> <p>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету.</p> <p>«Тамақты үнемді тұтыну» үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру <i>(Біртұтас тәрбие жоспарынан)</i> ас қасық пен майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды</p>				

	<p>толтырып сөйлемеу. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері және т.б.) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар және т. б.) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту. <i>(сыпайы сөздер, қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры, қарым-қатынас іс - әрекеті) (Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қоры: сабын, су, кір, таза)</i></p>				
<p>Апта дәйексөздері: «Бірлігі күшті ел озады!» («Біртұтас тәрбие» жоспары) Мақсаты: Балаларға бірлік, татулық туралы түсінік беру. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. «Біртұтас тәрбие жоспарынан»</p>					
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Ойын: «Біздің отбасы мүшелері!» Шарты: бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, ұжымдық құрылыс жасауға баулу. <i>(құрастыру, сурет салу)</i> «Күй күмбірі: «Қос ішек» (Біртұтас тәрбие жоспары) Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы (Біртұтас тәрбие жоспары)</p>	<p>Ойын: «Жаңылмай жаңылтпаш айтамыз» Шарты: дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. <i>(Сөйлеуді дамыту)</i></p>	<p>Ойын: «Жануарларға баспана салайық» Шарты: Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану. <i>(Құрастыру)</i></p>	<p>Ойын: «Алақай қыс келді» өлеңі. Шарты: Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Дауысты (а, ә) дыбыстарды анық айту. <i>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</i></p>	<p>Ойын: «Менің отбасым» Шарты: зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i></p>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене тәрбиесі Негізгі қимылдар Ойын: «<i>Көңілді жаттығулар</i>» Шарты: <i>Негізгі қимылдар:</i> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру, қарқынды өзгертіп, жылдам жүгіру. Сызықтан секіру. <i>Ырғақтық жаттығулар.</i> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығу: Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. <i>Қимылды ойындар:</i></p>	<p>Ойын: «<i>Ұзын мойынды керік. Керікке арналған қоршау</i>» Шарты: кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. (мүсіндеу, құрастыру) Ойын: «<i>Керік және баласы</i>» Шарты: Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді</p>	<p>Дене тәрбиесі Негізгі қимылдар Ойын: «<i>Ұсақ текшелер</i>» Шарты: <i>Тепе-теңдікті сақтау.</i> Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру. Жүгіру. тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Секіру. Тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа секіру <i>Ырғақтық жаттығулар.</i> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды қайталап жасау. <i>Жалпы дамытушы жаттығулар:</i> <i>Кеудеге арналған жаттығулар:</i> аяқты бұғу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және</p>	<p>Дене тәрбиесі Негізгі қимылдар «Бір, екі, үш, жалқаулықты сүйметін. Қарлығаштар біз!» Негізгі қимылдар. <i>Жүгіру:</i> қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. <i>Домалату, лақтыру, қағып алу.</i> Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. <i>Ырғақтық жаттығулар.</i> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. <i>Жалпы дамытушы жаттығулар:</i> Қолға арналған жаттығулар: қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды</p>	<p>Музыка Жетекші жоспарымен Қазақ тілі Жетекші жоспарымен Ойын: «<i>Інімнің көлігі үлкен бе әлде ағамның ба?</i>» Шарты: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. <i>(МН, ҚОТ)</i> Ойын: «<i>Анам пісірген бәліші</i>»</p>
---	---	--	---	--	---

	<p>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.</p> <p>Ұлттық қимылды ойын: «Ұлттық ойыны: «Орамал тастамақ» (Біртұтас тәрбие жоспары)</p> <p>Ойын: <i>«Отбасылық құндылықтар ағашы!»</i></p> <p>Шарты: балалардың сөздік қорын ойын жаттығулары арқылы кеңейту, балаларды тақпақтарды жатқа айтуға үйрету. <i>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</i></p> <p>Ойын: <i>«Мен қауіпсіздік ережелерін сақтаймын!»</i></p> <p>Шарты: жол қозғалысы ережелерін, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін,</p>	<p>бекіту.</p> <p>Бір заттың суретін салуды қайталай отырып, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. <i>(жапсыру, сурет салу)</i></p>	<p>керісінше.</p> <p><i>Аяққа арналған жаттығулар:</i> отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау.</p> <p>Қимылды ойындар:</p> <p>Шарты: қимылды ойындарға баулу, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.</p> <p>Қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>«Ұлттық ойыны: «Арқан тартыс» (Біртұтас тәрбие жоспары)</p> <p>Ойын: <i>«Үйшік» ертегісін қайталау</i></p> <p>Шарты: таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p> <p>Салыстыру нәтижелерін биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен</p>	<p>көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар: аяқты бұғу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.</p> <p><i>Дербес қимыл белсенділігі.</i></p> <p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Доптар,</p>	<p>Шарты: Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. <i>(жапсыру, мүсіндеу)</i></p> <p>Жоба «Терезе алдындағы бау-бақша»</p> <p>Тақырыбы: <i>«Дәмін татып ажырат»</i></p>
--	---	--	--	---	---

	<p>төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету. («Біртұтас тәрбие» жоспары)</p>		<p>белгілеу. (<i>сөйлеуді дамыту, математика негіздері</i>)</p> <p>Ойын: «Сәнді үйшік» Шарты: бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау). (<i>сурет, жапсыру</i>) «Күй күмбірі: «Қос ішек» (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>)</p>	<p>шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. «Ұлттық ойыны: «Орамал тастамақ» (<i>Біртұтас тәрбие жоспары</i>) Ойын: «Қыс қызығы аққала» Шарты: Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды дөңгелек пішінді зерттеуге мүмкіндік беру. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және</p>	
--	---	--	--	--	--

				күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. (МН, ҚОТ)	
Серуенге дайындық	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өзбетінше реттеуге баулу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), (қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау) <i>Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қорын пайдалану: (ауа, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы, жылы киінеміз, жеңіл киінеміз, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, итерме, таласпа, баспалдақтан байқап тұс, дала суық, бірге ойнайық, ойна, тығыл, қаш, қу, ұста, жина, сапқа тұр)</i></p>				
Серуен	<p>Желтоқсан айына арналған серуен картотекалар кешені. <i>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</i> Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау</p>				
Серуеннен оралу	<p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа өзбетінше реттеуге баулу. <i>Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қорын пайдалану: (итерме, таласпа, көмектес)</i> Баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), (қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау)</p>				
Түскі ас	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді және қол орамалды пайдалануды үйрету. «Тамақты үнемді тұтыну» үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру <i>(Біртұтас тәрбие жоспарынан)</i> ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты</p>				

